БӨРЛІ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

АКИМАТ БУРЛИНСКОГО РАЙОНА

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

«25» сәуір 2022ж. № 145

Ақсай қ.

Жергілікті атқарушы органының шұғыл шығындарға арналған резервінен Ақсай қаласының Бөрлі көшесіндегі су құбырының апатты жағдайын қалпына келтіру үшін қаржы бөлу туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексін және 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, Бөрлі аудандық төтенше жағдайлар жөніндегі комиссия отырысының 2022 жылғы 7 сәуірдегі №3 хаттамасы негізінде, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақсай қаласының Бөрлі көшесіндегі су құбырының желісінде темір тұрбаның шіріп, тозуы салдарынан болған апатты жағдайды қалпына келтіру үшін жергілікті атқарушы органының резервінен 8 241 (сегіз миллион екі жүз қырық бір мың) мың теңге сомасындағы қаражат «Бөрлі ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесіне бөлінсін.

2. «Бөрлі ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Г.Шамғонова) осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е.Ихсановқа жүктелсін.

Аудан әкімі **М.Сатканов**